

## ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ ДІННІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

**Қаңтарбаева Ж.У.**

*филос.ғ.к., аға оқытушы  
ал-Фараби ат. ҚазҰУ*

**Кудерина А.Н.**

*аға оқытушысы  
Қ.И.Сәтпаев ат. ҚазҰТУ*

Қашанда адамзаттың даму тарихындағы ең басты және маңызды мәселенің бірі болашақ ұрпақ тәрбиесі, яғни жастардың тәрбиелілігі, өнегелілігі. Өнегелі тәрбие адам болмысындағы құнылықтардың өлшеуіші бола бермек. Адамзаттың ғасырлар бойы қалыптасқан өмірлік дүниетанымнан, наным-сенімнен, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан ең маңыздысы діни таным. Алдыңғы атап кеткен құндылықтар діннің қалыптастырушы элементтері емес пе. Діннің негізгі функциясы жеке адамнан бастап, жалпы адамзатты дұрыс өмір сүру жолымен және рухани құндылықтармен сусындатып, адам болмысын таныту, құдайы ақиқатқа көз жеткізу және болшақ ұрпақ тәрбиесіндегі имандылық принциптеріне адамды тәрбиелеу. Жастар тәрбиесіндегі маңызды орынды дінге бердік, ендігі мақсатымыз, ең алдымен, жалпы тәрбие мәселесіне тоқталған жөн.

Тәрбиелеудің жолдары өте көп, соның ішінде оқу білім арқылы, ғылыми таным, өмірлік таным арқылы, адамда белгілі бір көз қарасты, әдетті қалыптастыруға болады. Алайда адамды тек кітап арқылы тәрбиелеу де мүмкін емес, өйткені кез келген адам қайталанбас жеке тұлға; екінші жағынан кітаби тәрбиенің ықпалы бар екенін теріске шығаруға да болмайды. Кітаптардың көмегімен, көптеген қателіктерден сақтанып, ұлы ойшылдардың даналығына жүгініп, уақыт үнемдеп, рухани өсіп дамуымызға тигізер пайдасы баршылық екенін мойындамасқа амал барма. Кітаптың адам тәрбиесіндегі ықпалы; кітап білім бұлағы, білім тәрбие негізі, яғни адам тәрбиесінің негізі білімге тіреледі. Адам тәрбиесі балалық кезден басталса, баланы неге үйретеміз? Деген сұрақ туындайды.

Адам-жаратушының тудырған ғажап пендесі. Өйткені, оның денесі болса да, ол ең алдымен – рухани жан иесі. Осы тұрғыдан алғанда адамның басқа тіршілік әлемінен айырмашылығы – шексіздікке кетеді. Сондықтан ғасырлар бойы пайда болып жойылып кетіп отырған кез келген дін «адамды Құдай жаратты» деген қағиданы осы уақытқа дейін ұстап отыр.

Философияның көп мәселелерінің ішіндегі ең өзектілерінің бірі – адам мәселесі болғандықтан мыңдаған жылдар шеңберінде адамға деген сан - алуананықтамалар жасалады. Солардың ішіндегі ең кең тарағаны – «Homo Sapiens» – саналы адам, яғни ол – рухани пенде. Адам өз алдына неше түрлі мақсат мұраттар қойып, соларды іске асыруға ұмтылады. Оларды іске асыру жолында ол басқа адамдармен сан-алуан саналы қарым-қатынасқа түседі. Адамның неше түрлі алаңдау мен күту, қайғы мен қасірет, шаттық пен шығармашылыққа толы ішкі рухани өмірі бар жоғарғы тіршілік иесі.

Философияда адамды таңғажайып тірі жан деп қарастырады. Адамның табиғаты мен мәні, оның өмір сүруінің мағынасы мен мақсаты аса күрделі дүниетанымдық мәселелер болып табылады. Адам феноменнің мәні мен қалыптасуын түсіндіруде әр түрлі дүниетанымдық көзқарас орын алған мысалы С.Р. Абисевтің «Основы философии» атты еңбегінде әр түрлі анықтамалар жүйелеп ұсынылған.

Көне Қытай және ежелгі грек философиясында «Адам ғарыштың бөлігі, кішкене ғарыш», ежелгі Үнді философиясында «Адам бұл мәңгі абсолютті рух», көне герк софистері «Адам барлық заттың өлшемі», Аристотель «Адам саяси жануар», орта ғасыр христиандық теологиясы «Адам Құдайдың бейнесі», Р.Декарт «Адам ойшыл жан», Т. Гоббс «Адам адамға қасқыр», Ж. Ламетри «Адам жанды машина», И.М. Кант «Адам екі әлемге қатысты жан», Л. Фейербах «Адам адамға құдай», К. Линней «Адам рационалды жануар», Ф. Ницше «Адам уәде беруге қабілетті жан». Нәтижесінде адам қандай ортада өмір сүреді, бойына қандай қабілеттер сіңіреді барлығы да тікелей қоғамдық көзқарасқа, тәртібке байланысты, яғни адам тек қоғам шеңберінде ғана өмір сүре алады. Алғашқы қауымдық қоғамда соның ішінде қазақ мәдениетінде де жазалаудың ең қатаң түрі – адамды остракизмдеу, яғни рудың немесе көштің шеңберінен шығарып тастау. Жалғыз қалған адам әрі қарай өмір сүре алмай не жауға, не жыртқыштарға жем болады. Психологиялық және философиялық тұрғыдан алғанда, адам күрделі жан күйзелісіне ұшырап, есінен адасып адамның барлық рухани қасиет, қабілеттерінен айырылады. Қазақтың нақыл сөзі бар емес пе «Жалғыздық адамға емес, Құдайға ғана жарасады» деген. Әу баста Құдай тіршілікті жаратақанда бәрін жұп-жұбымен, топтасып өмір сүруге лайық қылып, соның ішінде адамға ерекше жағдай жасалғаны бізге мәлім. И.Кант адамның ішкі ар-ұжданына таңқалып, оған «*Homo moralis*» деген анықтама берген. Уақытында ұлы Абай оны «нұрлы жүрек», Шәкәрім «үш анықтың» біреуіне жатқызады. Егерде адамның ар-ұжданы болмаса, ол жануарлардан қулық сұмдығы жүздеген есе асатын нағыз жан түршігерлік сайтанға айналар еді. Көптеген көркем әдебиеттің дәріптейтін аса құнды адамның қасиеті оның ар-ұжданы. Қиын қыстау жағдайында нағыз адам өз ар-ұжданын, абыройын сақтап қалу жолында өзінің тәнін құрбан етуге дейін барады. Австриялық ғалымның В.Франклдың айтқаны бар «Құдайды ғарыштан, тіпті оның әр жағынан іздеу керек емес, ол-адамның ішіндегі оның ар-ұжданы» [1].

Осы ойдың аясында Шәкәрімнің «Үш анық» атты еңбегіндегі; адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді. Біліп жаратушы-тәңірі, өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керектісі-ұждан. Ұждан дегеніміз - нысап, әділет, мейірім деген екен [2].

Әрине адам болып дүниеге келгеннен кейін дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адагершілікті, ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялар мен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Негізінде адам баласының тәрбиесінде, халықтың сан

ғасырлық даналығынан асып түсетін еш бір құндылық жоқ десек қателеспейтін шығармыз.

Адам тәрбиесінің қайнар көзі балалық шақтан басталса, бала тәрбиелеуде толықтай ойлау қабілеті қалыптасып болмайынша еш нәрсеге үйрету мүмкін емес. Адамға білім берместен, оның сол білімге өзі қол жеткізетін қабілетін қалыптастыруға ерекше мән беру керек, Демокриттің сөзімен айтқанда –«көп білетін ақылдылар өте, көп білуден гөрі, көп ойлануға ұмтылу қажет». Адам ақыл ойының және өзіндік танымының қалыптасуы әлде қайда маңыздырақ. Орыстың жазушысы, педагогы және философы В.Ф. Одаевский айтқандай «Адамның ең бірінші қадамы өзін-өзі танудан басталса – бұл үлкен істің біткені» [3].

Адамзаттың даму тарихында жастар тәрбиесіндегі басты мақсат қандай, тәрбиелеуші қоғамның мүддесі қандай деген заңды сұрақтар пайда болады. Осындай күрделі сұрақтарға жауапты сан қилы формада табуға болады. Адам болып дүниеге келгеннен кейін адамға тән қасиеттермен қабілеттерді игеріп қалыптастырған жөн.

Адам туралы материалистік бағытты ұстанған Фараби адам еңбек ету нәтижесінде жоғары сатыға көтерілетінін алға тартты. Фарабидің пікірінше, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты. Фараби ең алғаш еңбекті, таза еңбекті, адал еңбекті тәрбиенің алғы шарты етіп алды. Әл Фараби жас ұрпаққа тәлім – тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін адамды яғни ұстаздық ететін адамды өте жоғары бағалаған [4].

Адам баласына тәрбие беруде ұлы Абай атамыздың он тоғызыншы қара сөзінде; « Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болағн адамбілімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» деген екен.

Тәрбиеге байланысты осындай көптеген ғұлама ойшылдардың өнегелі мұрасын жіпке тізіп талдай беруден шаршамайсын, алайда тағы бір мәселе өз кезегін күтуде ол – жастар тәрбиесіндегі діннің алатын орны.

Қазіргі замандағы ғылыми техникалық прогресстің өрістеу темпі, өндірістік, энергетикалық, коммуникативті мүмкіндіктердің өсуі, мәдениеттің жаңа сатыға көтерілуі, ақпарат көлемінің шектен тыс өріс алуы – оысының бәрі адамдардың мінез құлқына ықпалын тигізбей қоймайды. Адамзат тарихында дәл біздің дәуіріміздегідей еш бір дәуірде адам өмірінің жеке тұлғалығы, қайталабастығы, шығармашылық мүмкіндіктерінің құндылығына жоғарғы қызығушылық танытапаған шығар. Өйткені дәл біздің заманымызда өркениеттің жоғарғы деңгейге жетіп, постиндустриалды, бұқаралық мәдениеттің кең етек жайып жатқанда адамзаттың рухани құлдырауы, іштей күйзеліске ұшырауы, өнегеліліктің жоғалуы, азғыруы, адасуы, материалдық жетістіктердің үстемдігі жүріп тұрған заманда жастар тәрбиесіндегі мәселелерді шешуде басты орынды дінге беру дұрыс шешімдердің бірі боларына сенімдімін. Ашып айтсақ ХХ ғасырда адамды экзистенциалистік тұрғыда субъективті «мен» ретінде, яғни алауыздыққа

толы, бөтен әлемдегі жападан жалғыз қалған, бойына қорқыныш пен үрей, сенімсіздік, күмән мен үмітсіздік ұялаған адамға діни сенімнің қажеттігін талқылаған теологтар (П. Тиллих, Р. Бультман) және (К. Ясперс, Г. Марсель) және т.б., әлеуметтанушылар мен психологтар қатары көбеймесе азайған жоқ. Американдық әлеуметтанушы М. Ингердің «Дінді ғылыми тұрғыда зерттеу» еңбегінде «дінді жүйелі сеніммен, жүйелі әрекеттерге негізделген, топтасқан адамдар өмірінің ең маңызды мәселелерімен күресу деп түсіндіреді» [5].

Адамзаттың жоғарғы мәселелеріне Ингер экзистенциалдық проблемаларды енгізеді олар; Зұлымдықтың, өлімнің, қайғының және кінәнің бар болуын айтады. Дін Ингер бойынша адамзаттың бақытсыздығы мен қайғы – қасіретін жоғарыдан келетін бақ деп түсінудейді [6].

Осындай көз қарастың нәтижесінде дін қашанда және кез келген қоғамға мәңгілік қажет құндылықтардың ең бастысы болып қала бермек. Жалпы қоғам тәрбиесіндегі дінің рөлі экзистенциализм философиясына дейінде кейінде маңызды мәселелердің бірі болған. XX ғасырдағы нақты ғылымдар саласы, ғылыми прогрессті тежеуге нақты біржақты пәндер саласының күйі жетіспеуінің нәтижесінде, ғылымды моральмен, гуманизммен, этикамен тежеу қажеттілігі туындады деп, философиялық ғылымды жақтаушылары бір жақты бағытына сыни көз қарастар көтерді.

Иррационализм дәуірінде де көпшіліктік түрде талқыға салынған тақырыптардың бірі дін болды, әрине дінге сыни көзбен қараған философтардың қатары аз болған жоқ. Сол уақытта христиан дінінің соқыр сенімінің ғылыми дәлелдемесін талап еткен скептиктер Д. Юм, Б. Рассел болды. Әрине XX ғасырдағы батыс философиясындағы діни кризистің пайда болуына тікелей себепші болған заманауи ғылымның даму жетістіктері екендігі белгілі. Философияның тарихында иррационализм деген дәстүр тікелей діни білімді философиялық тілмен түсіндірді. Тағы бір өзекті бағыттардың бірі персонализм, ғылымның бай мүмкіндіктері діннің дамуына еш бір кедергі жасай алмайды, олар бір – бірімен ұштаса дами алады дейді. Ғылым дүниенің рационалдығымен табиғат заңдарының жалпыға бірдей екенін дәлелейді. Ғылыми білім персоналистер бойынша заттар әлемінде қалыптасып жүзеге асады. Бірақ адам тек материалдық ырыздықпен ғана бақытты бола алмайды ғой, ол тарихтың терең мағынасын түсінгісі келеді, және өзін –өзі жетілдіруде өнегелілік жолмен бақытқа жеткісі келеді, ал бұл діни жүйенің көрсеткіші. «Бақыт персоналистердің көз қарасы бойынша, ол тек қажеттіліктерді қанағаттандыру ғана емес, ол ақиқатқа жүрекпен, эгоизмнен арылып, адамдар арасындағы қарым – қатынас және адамның құдай мен ұштасу ләззәтына жету деген үміт» [7].

Ақыл сенімнің артынан еріп жүруі керек және ешқандай ғылыми білім, әлемді діни сезінушіліктен ығыстыра алмайды. Ғылым- заттардың түбнегізіне еніп, табиғатты әр қилы етіп әрлендіріп, қоғамдық өмірді рационалдандырады. Ал – дін өмірдің мәні мен мақсатын ашады, адамның ішкі жан дүниесін байытып, өнегелі көз қарас пен өнегелі әрекет

калыптастырады. Құдайдың мистикалық бейнесін жоғарғы әлемнен, мына әлемдегі адамдардың жүрегінде ақиқат жолы ретінде көруге болады.

Діни концепцияларды тек батыс еуропа философиясында ғана емес сонымен қатар біздің кеңістігімізде яғни қазақ философиясының да актуалды мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақ даласында ислам дініне дейін барлық әлемдік діндердің таралып, өз ықпалын, дәстүрін қалдырып кеткені бәрімізге де мәлім. Уақыт өте келе қазақтың дәстүрлі құдайы яғни –тәңірі Алла бейнесімен бірігіп кетті. IX-XX ғғ. Қарахан мемлекетінің тұсында, ресми дін болып бекітілген, ислам дінінің ақиқатына көзі жеткен қазақ даласының ұлы данышпандарының дінге байланысты айтып кеткен мұрасы мол. Соның бірі жоғары да аталып кеткен ұлы Абай атамның шығармашылығындағы үлгі-өнеге, білім мен имандылық құндылықтары діни философияның негізі демеске амал барма. Тек жалғыз Абай ғана емес өткендегі ойшыл қайраткерлердің көпшілігі әрдайым сөз етіп келген көкейкесті мәселенің бірі-дін, мораль екені айқын. Абай өз заманындағы ел арасындағы дінге деген көзқарасты сынға алып, сол діннің қағидаларына адамгершілік моральға жанастыра түсіндірмек болады. Осы әрекеті арқылы Абай мұсылман дініне шүбә келтірмейді, қайта құдайдың барлығын, бірлігін, пайғамбардың хақтығын, иман мен парыздың неден құралатынын айтып сендіруге тырысады. Абайдың жетінші қара сөзінде біреу ақыл айтса; «Өз білгенің өзіңе, өз білгенім өзіме», «Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген дейміз, «Ой тәңір-ай, кімнен кім артық дейсің» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз, көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ, құр көзбенен көрген хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, бізде білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер- тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз [8].

Ақиқат жолы білімнен демекші, Абайдың екінші сөзінде «Әуел иманның иғтиқатын(нану, сену) махкамлемек(берік, мықты, сенімді) керек, екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты болмайды» [9].

Сонымен қатар дінің қоғам тәрбиесінде соның ішінде жастар тәрбиесінде рөлі жайлы Ыбырай атамның «Мұсылманның тұтқасы» атты еңбегінде бүткіл дүниені, жан –жануарларды айта келіп, «мұның бәрі де жалғыз теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ, бір құдайдың барлығына, бірлігіне Һәм кәміл жаратушы екендігіне дәлел болса керек» [10] деп тұжырымдайды. Осыншама дәлелдерді келтіре келіп, адамзат тәрбиесінде діннің алар орны ерек. Дін -тек белгілі бір талап, тәртіп, дәстүр, заңдылықтарды орындаумен шектелмейді, аталған шарттар оның механикалық қызметі, ал негізгісі рухани құндылықтарды тәрбиелеуде ең бірінші орында- иман келтіру. Адам баласынан бастап әлемдегі барлық тіршілікті жаратушы бір Құдайдың бар екеніне сену, оны сүйю, оның қаһарынан қорқу. Абайдың он үшінші сөзінде «Иман деген- Алла табарака уатағаланың, шәриксіз (тең келмейтін)ғайыпсыз, бірлігіне, барлығына уә һәр неге бізге пайғамбарымыз арқылы жіберілген

жарлығына, білдіргеніне мойын сұнып, инанбақ. Иман келтіруге екі түрлі нәрсе керек. Бірінші – әуел не нәрсеге иман келтірсе, соның нақтығына бірлән дәлел жүргізерлік болып ақылы дәлел испат(шын иман) қыларға жараса, мұны якини иман (біреуге еріп нану) десек керек. Екінші – кітаптан оқу бірлән яки діни ұстаздардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалақ беріктік керек» [11]. Біреуді тәрбиелеместен бұрын әуелі өзіңнен баста, осы жерде Сократтың афоризмі «өзіңді танысаң, әлемді танысың», имандылықтың бір жолы өзіңнен басталмай ма, яғни «өзіңді таны, Құдайды танысың». Діни сауаттылық -діни шығармалардың жазылуын, діни еңбектерге түсініктемелер, діни трактаттар жарыққа шығып, көпшілік оқырман аудиторияға ұсынуымыз қажет. Ол еңбектердің мазмұнын, құдайы даналықтың түйінін ашып, майын тамызып талдап беретін, діни сауатыбар білікті мамандарды даярлау қажет. Қазіргі уақытта істелініп жатқан еңбектер аз емес, бірақ сонда да ерекше көңіл бөлінсе, әлде қайда үлкен жетістіктер көрер едік.

### **Әдебиеттер**

1. В.Франкл. Воля к смыслу. – М., 2000. – 72 б.
2. Ш.Құдайбердиев. Үш анық. – А., 1991. – 22 б.
3. В.Ф. Достоевский. Опыт педагогических способах при первоначальном образовании детей. Изб.пед.соч. – М.,1955. – С. 121-122
4. Әл фараби. Философиялық трактат. – А., 1973. – 84 б.
5. Yinger M. Scietific Study of Reliqion. – New York., 1970. – P 7
6. Л.И.Митрохин, Т.Н.Ойзерман, А.Н.Шершенко. Буржуазная философия XX века. М.,1977. С.270
7. З. Ахметов, Ы. Дүйсенбаев т.б. Абай Құнанбаев. Шығармалар жинағы. II том. Ғылым баспасы.1977. – 138 б.